

Залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 886 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 т а м ы з д а ғ ы
№ 8 8 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық

тендер негізінде конкурс өткізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына және «Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1188 қаулысына сәйкес әзірленген және залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде (бұдан әрі - тендер) конкурсты өткізуді ұйымдастыру тәртібін, шарттары мен мерзімдерін және тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) ұзартуды белгілейді.

Осы Қағидада уәкілетті орган деп темір жол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте – салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган түсініледі.

Осы Қағидада Жолаушыларды ұлттық тасымалдаушы деп Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын заңды тұлға ұғынылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тендерге конкурстық құжаттаманы «Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1185 қаулысымен айқындалған әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жүруі болжанатын ұлттық темір жол компаниясының жолаушылар поезы қозғалысының нормативтік кестесі базасында құрылған лоттар және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес үлгі конкурстық құжаттама негізінде уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

3. Уәкілетті орган тендерді өткізудің ұйымдастырушысы болып табылады.

2. Тендерлік комиссияны құру

4. Тендерлік комиссия (бұдан әрі – комиссия) тендерді өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды анықтау, сондай-ақ шарттардың мерзімін ұзарту мәселелерін қарау үшін құрылады. Комиссия құрамы уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі, бұл

ретте комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және үш адамнан кем болмауы тиіс. Комиссияны комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

5. Комиссия қатысушылардың тендерлік өтінімдерін қабылдайды және қарайды, тендер өткізеді және жеңімпаздарды анықтайды, сондай-ақ шарттардың мерзімін ұзартуға өтінімдерді қарайды және шарттардың мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары комиссия қызметін басқарады, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Тендер өтеусіз негізде жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер ұсыну бойынша ұйымдастырушысына жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар ретінде жұмыс істеу үшін өзге де мамандарды тартуға рұқсат етіледі.

8. Сарапшылар қатысушылар өтінімдерінің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі Шарттың мерзімін ұзартуға берілген өтінімдердің, осы Қағиданың талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды береді және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ. Сарапшылардың қорытындысы қатысушылар ұсынған тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру, жеңімпазды анықтау және шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған кезде ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

3. Тендерге қатысушыларға және тендерлік өтінімдерге қойылатын талаптар

9. Тендерге қатысуға ҚҚС төлеушілері болып табылатын және осы Қағиданың 10-тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келетін, осы Қағидаға сәйкестелетін өтінімді және басқа да қажет құжаттарды уақтылы ұсынған әлеуетті тасымалдаушылар жіберіледі.

10. Тендерге қатысу және/немесе Шарттардың мерзімін ұзарту үшін әлеуетті тасымалдаушылар мынадай шарттарға сәйкес болуы қажет:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н ;

2) Қазақстан Республикасының аумағында заңнамада белгіленген тәртіппен

тіркелген, жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру үшін жеке меншік немесе басқа заңды негіздерде пайдаланылатын техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жолаушы жылжымалы құрамының болуы, бұл ретте (жалпы, плацкарт, купелі) үлгілері бойынша көрсетілген жолаушылар вагондарының саны («Жолаушылар лизингтік вагон компаниясы» акционерлік қоғамының вагондарынан басқа) талап етілетін вагондар санынан кемінде 30 пайызын, ал электрдіңизель поездар вагондарының саны - 100 пайызды құруы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар бойынша берешектерінің болмауы;

4) тиісті әлеуметтік мәні бар бағыттарға қызмет көрсетуге қажет поезд бригадалары қызметкерлерінің жеке білікті штатының және/немесе нормативтік саны шегінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік мәні бар бағытқа қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілдіктің болуы;

5) тасымалдаушының Ұлттық инфрақұрылым операторының, локомотивтік тарту операторының және вагондарды жалға алу, жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету, оларды сумен және отынмен жабдықтау, үй-жайларды жалға алу жөніндегі қызметтерді және вокзалдарда 12 айға (конкурсы өткізілген немесе Шарт ұзартылған күннің алдындағы айдың бірі күніне) анықтамалық-ақпараттық қызметтерді ұсынатын басқа да теміржол ұйымдарының алдында берешегінің болмауы;

б) тасымалдаушының мәлімделген бағытта көзделген жылдық субсидиялардың көлемінен кемінде 5 % құрайтын меншікті ақшалай және негізгі қаражатының болуы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 N 1202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1363 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. Әлеуетті тасымалдаушы тендерге қатысу және/немесе Шарттардың мерзімін ұзарту үшін уәкілетті органның атына мынадай құжаттарды қоса бере отырып, тендерлік өтінімді ұсынады:

1) осы Қағидаға 2-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) немесе 3-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) сәйкес тендерге қатысуға өтініш;

2) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес үлгілері, саны, шығарылған жылы, вагондардың зауыттық нөмірлері, техникалық жай-күйі және жоспарлы жөндеу

түрлері көрсетіле отырып (жеке меншік құқығын немесе жалға алынғандығын растайтын, нотариалды куәландырылған құжаттарды қоса берумен) жеке меншік және (немесе) сенімді басқарудағы, мүлікті жалдау немесе басқа да заңды негіздерде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен жылжымалы құрамның мүккәмал паркі туралы мәліметтер, бұл ретте (жалпы, плацкорт, купелі) үлгілері бойынша көрсетілген жолаушылар вагондарының саны («Жолаушылар лизингтік вагон компаниясы» акционерлік қоғамының вагондарынан басқа) талап етілетін вагондар санынан кемінде 30 пайызды, ал электрдизель поездар вагондарының саны - 100 пайыз құрауы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер және/немесе шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан астам мерзімге салық берешегінің және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар адамның (осы құқықты растайтын тиісті құжатты қоса беріп) қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы. Егер анықтамада берешек көрсетілсе, осы берешектің пайда болу мерзімін растайтын анықтаманы берген адамның қолы қойылған құжаттар қоса берілуі қ а ж е т ;

4) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес тендерге қойылған әлеуметтік мәні бар қатынастардағы маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырудың негізгі шарттары мен талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі т е н д е р л і к ұ с ы н ы с т а р ;

5) тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын қызмет көрсетілген әлеуметтік мәні бар маршруттарға поезд бригадалары қызметкерлерінің жеке білікті штатының болуы туралы мәліметтер. Бұрын басқа тасымалдаушылар қызмет көрсеткен маршруттарға өтініш берген кезде осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нормативтік саны шегінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік мәні бар маршруттарға қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілхат – м і н д е т т е м е .

6) Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінім берілген жағдайда ағымдағы айдың бірінші күніне берілген тасымалдаушының және бірінші басшының мөрлерімен бекітілген, қолдарымен расталған Ұлттық инфрақұрылым операторының, локомотивтік тарту операторының және вагондарды жалға алу, техникалық қызмет көрсету және жолаушылар вагондарын сумен және отынмен

жабдықтау, үй-жайларды жалдау бойынша қызметтер және вокзалдарда анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсететін басқа да темір жол ұйымдарының берешегі бойынша өзара есеп айырылысуларды салыстырып тексеру актісі және берешек болған жағдайда, бірінші басшылар қол қойған берешекті кепілді өтеу кестесін қамтитын екіжақты келісім немесе төлем жасау туралы банк белгі қойған мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді ұсынудың ай – күні белгіленген берешектің өтелуін растайтын төлем тапсырмасының т ү п н ұ с қ а л а р ы ;

7) осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес Шарттың мерзімін ұзартуға мәлімделген маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдауын ұйымдастыруға қойылатын шарттар мен талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар;

8) осы Қағиданың 44-тармағына сәйкес тендерге қатысуға арналған өтінімдерді қ а м т а м а с ы з е т у ;

9) таңдалған әлеуметтік мәні бар қатынасты дамытуды қамтамасыз ету, сервистік қызметтердің сапасын арттыру, қызметкерлер штатының біліктілігін арттыру жөніндегі, жыл сайынғы меншікті вагондар паркін толықтыру үшін вагондарды с а т ы п а л у і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы .

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.11.2013 N 1202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 N 1363 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Тендерге қатысу және/немесе Шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау үшін талап етілетін құжаттар екі данада мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, беттері нөмірленіп, тігілген болуы тиіс, соңғы беті заңды тұлғаның мөрімен немесе жеке тұлғаның қолымен куәландырылады.

13. Тендерлік өтінімде және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімде жолдардың арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып ж а з у л а р б о л м а у ы т и і с .

14. Әлеуетті тасымалдаушы тендерлік өтінімді және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді конвертке салып желімдейді, онда әлеуетті тасымалдаушының атауы мен мекенжайы көрсетіледі. Содан соң конверт тағы бір к о н в е р т к е с а л ы н ы п ж а б ы л а д ы .

15. Конверттер тендерді ұйымдастырушыға (комиссияға) мынадай б е л г і л е р м е н ж і б е р і л у і т и і с :

тендерге қатысу ниеті болған жағдайда – «Залалдары республикалық бюджеттен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі конкурсқа арналған тендерлік өтінім»;

Шартты ұзарту ниеті болған жағдайда – «Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаурын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау туралы шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінім».

16. Әлеуетті қатысушы тендерлік өтінімдерді (Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді) ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін және/немесе Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Өзгерту өтінімнің өзі сияқты дайындалуы, салынуы және ұсынылуы тиіс. Мұндай өзгерту немесе қайтып алу туралы хабарлама, егер оны тендерді ұйымдастырушы (Комиссия) тендерлік өтінімдерді (Шартты ұзартуға арналған өтінімдерді) ұсынудың соңғы мерзімдері өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

17. Тендерлік өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімдері өткеннен кейін өтінімдерге ешқандай өзгертулер енгізілмеуі тиіс.

4. Тендерді өткізуді ұйымдастыру

18. Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1185 қаулысымен бекітілген қолданыстағы шарттарды мерзімінен бұрын бұзу немесе жаңа бағытты әлеуметтік мәні бар деп тану жағдайларын қоспағанда, тендер және/немесе Шарттың мерзімін ұзарту жылына 1 рет өткізіледі.

19. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Шарт жасасу жолымен бұрын аталған маршрутта қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер және пойыз басшылары) міндетті түрде пайдалана отырып, тиісті кезеңге бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде тасымалдауды одан әрі ұйымдастыруды жыл соңына дейін тасымалдаушыны айқындағанға дейін Жолаушыларды ұлттық тасымалдаушыға беруге рұқсат етіледі.

Шартты бұзған жағдайда, тасымалдаушыға шарттық міндеттемелерді орындау кезеңіне және көлеміне барабар сома төленеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Уәкілетті орган тендерді өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тиісті хабарландыру беріледі және тендерге қойылатын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бағыттарының тізбесі анықталады. Хабарландыру тендер өткізілгенге дейін күнтізбелік 15 күннен және тендер қайта өткізілген жағдайда күнтізбелік 7 күннен

к е ш і к т і р і л м е й

б е р і л е д і .

21. Тендерді өткізу туралы хабарланғаннан кейін тендерге қатысуға тілек білдірген әлеуетті тасымалдаушылар осы Қағиданың 10-тармағында аталған құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның атына тендерлік өтінімдерді ұ с ы н а д ы .

22. Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау тіркеу журналына өтінімдерді (тігілген, нөмірленген, комиссия хатшысы қол қойған және мөрмен бекітілген) енгізу жолымен жүзеге асырылады және тендерді өткізу күніне дейін бір жұмыс күн ішінде аяқталады, ал Шарттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау үшін Шарт қолдану мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз бес күн ішінде аяқталады.

5. Тендерді өткізу, тендерлік ұсыныстарға баға беру және жеңімпаз(дар) ды анықтау тәртібі

23. Комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қатысушылар немесе олардың уәкілеттіктері комиссияның отырысына қатысуға құқық беретін сенімхатпен расталған уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

24. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде комиссия қатысып отырған адамдарға конкурсқа қатысатын әлеуетті тасымалдаушылардың атауы мен тұратын жерін, олар ұсынған бағаларды, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей комиссия тиісті хаттаманы жасайды және қ о л қ о я д ы .

25. Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына конверттерді ашу рәсіміне қатысқандар, комиссия мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қ о я д ы .

Уәкілетті орган өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) әлеуетті тасымалдаушыларға немесе олардың уәкілетті өкілдеріне өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін жолдайды немесе ұ с ы н а д ы ;

2) өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының қол қойылған мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында бар және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақы өндіріп алмай барлық мүдделі адамдар танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

26. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде

болмаған әлеуетті тасымалдаушыларға олардың жазбаша сұрау салуы бойынша немесе олардың уәкілетті өкілдерінің жазбаша сұрау салуы бойынша уәкілетті органның осындай сұрау салуды алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

27. Комиссия тендерге қатысу үшін қарауға қабылданған тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, және қызметтердің сапалы сипаттамалары мен маршруттар бойынша қажетті субсидияларының ұсынылған көлемін есепке ала отырып, тендерде жеңіске жеткен тасымалдаушыны (тасымалдаушыларды) анықтайды .

28. Өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру кезінде комиссия әлеуетті жеткізушілердің өтінімдеріндегі мәліметтерді нақтылау мақсатында тендерлік өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті жеткізушілерден олардың өтінімдеріне байланысты түсіндірмелер сұратуы мүмкін. Комиссия қажетті ақпаратты тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан сұратуы мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың (осы Қағиданың) талаптарына сәйкес келмейтін тендерлік өтінімді (Шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімді) осы талаптарға сәйкес келтіру үшін сауалдар, ұсыныстар немесе рұқсаттар жасауға ж о л б е р і л м е й д і .

29 . К о м и с с и я , е г е р :

1) осы тендерлік өтінімді ұсынған әлеуетті тасымалдаушы осы Қағиданың 10-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

2) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті тасымалдаушының тендерлік өтінімінің бағасы әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынасты субсидиялауға бөлінген сомадан асып түссе тендерлік;

3) әлеуетті тасымалдаушы осы Қағиданың 43-тармағының талабын о р ы н д а м а с а ;

4) тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті тасымалдаушы тендерлік өтінімге демпингтік баға қолданса (тасымалдаушылар мәлімдеген субсидиялар сомасы бағытқа уәкілетті орган белгілеген субсидиялар көлемінен 10 %-ға аз соманы құрайды) өтінімді қайтарады .

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.07 N 1560 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

30. Егер тендерге қойылатын бір лот бойынша тендердің шарттарына жауап беретін және осы Қағидаға сәйкес тендерге қатысу құжаттарын тендерге тапсырған кемінде екі қатысушы өтінім берген болса, тендер өткізілді деп т а н ы л а д ы .

31. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және

комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда қабылданған болып комиссия төрағасы дауыс берген шешім есептеледі. Дауыс беру рәсіміне комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде комиссияның шешімі заңды деп танылады.

Конкурсты өткізу кезінде комиссияның кез келген мүшесінің және хатшысының болмауына дәлелді себептер болған кезде осы фактіні растайтын құжатты ұсынғанда жол беріледі.

32. Комиссия тендердің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдей отырып, конверттер ашылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тендердің қорытындыларын шығарады, оған комиссияның мүшелері мен комиссия хатшысы қолдарын қояды.

Уәкілетті орган тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей: әлеуетті тасымалдаушыларға тендердің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді;

тендердің қорытындылары туралы қол қойылған хаттама мәтінін уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. Тендердің қорытындылары туралы хаттамада бар және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақы өндіріп алмай барлық мүдделі адамдар танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

33. Субсидиялардың ең аз көлемін ұсынатын және уәкілетті орган белгілеген міндетті қызметтердің тізбесімен тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, әлеуметтік мәні бар қатынастарда үздіксіз жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндеттенетін тасымалдаушы жеңімпаз болып танылады.

34. Комиссия тендердің қорытындыларын шығару кезінде әрбір маршруттағы тендердің жеңімпазынан басқа, әрбір маршрутта ұсыныстары неғұрлым ыңғайлы болған әлеуетті қатысушыны анықтайды.

35. Тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы мен уәкілетті орган арасында осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шарт жасалады.

36. Әлеуетті тасымалдаушының тендерге қатысуға берген өтінімдері тендердің қорытындылары туралы хаттамаға комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткенге дейін жарамды.

37. Жеңімпаз шарт жасаудан бас тартқан кезде, уәкілетті орган жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы неғұрлым қолайлы болып табылатын тендердің басқа қатысушысымен Шарт жасайды. Бұл ретте тендердің ұйымдастырушысы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын тендер жеңімпазы анықтаған әлеуетті тасымалдаушыға қайтармайды.

38. Тендерге қатысушының (қатысушылардың) тендерлік ұсыныстары жеңімпаздың ұсыныстарынан кейін ең жақсы деп танылған тендердің қатысушы (қатысушылар) уәкілетті органмен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, тендер өтпеді деп танылады.

39. Егер комиссия тендерді өтпеді деп таныған жағдайда, комиссия:
1) қайта тендер өткізу туралы;
2) тендерге қатысуға бір ғана әлеуетті тасымалдаушы жіберілген жағдайда онымен Шарт жасау туралы шешімдердің бірін қабылдайды. Жасалған Шарттың бағасы бөлінген субсидиялар сомасынан аспауы тиіс.

40. Егер қайтадан өткізілген тендердің нәтижелері бойынша жеңімпаз айқындалмаған болса, онда бұрын аталған маршрутта қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер және пойыз бастықтары) жұмысқа орналастырып, тиісті жылға бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде Жолаушыларды ұлттық тасымалдаушымен шарт жасасуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімдерде тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңы қабылданбаса немесе тасымалдаушы анықталмаса темір жол көлігімен жолаушылар тасымалын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган Шарттың қолдану мерзімі осы Шарт бойынша ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында бөлінген қаражат көлемінен аспайтын көлемде ұзартуы мүмкін, бірақ келесі жылдың бір тоқсанынан көп емес.

6. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

42. Әлеуетті тасымалдаушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, егер ол тендер жеңімпазы болып жарияланған жағдайда, конкурстық құжаттамада көзделген шартты жасауға кепіл ретінде енгізеді.

43. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету әлеуетті тасымалдаушы ұсынатын тендерлік өтінім сомасының 3% мөлшерінде енгізіледі.

44. Әлеуетті тасымалдаушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін таңдайды:

1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланған тендерді ұйымдастырушының банктік шотына аударылатын кепілдік ақша жарнасы;

2) осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған банктік кепілдеме.

Әлеуетті тасымалдаушыға үшінші адамдардың оның тендерге қатысуға

өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін енгізілген кепілдік ақша жарнасының тұтастай немесе бөлігін талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-қимылдарға жол берілмейді.

45. Тендердің ұйымдастырушысы әлеуетті тасымалдаушыға тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі болған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қайтарады:

1) тендерге қатысуға беретін өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін аталған әлеуетті тасымалдаушының тендерге қатысуға берген өз өтінімін кері қайтарып алу;

2) Шартқа қол қою;

3) әлеуетті тасымалдаушының тендерге қатысуға берген өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталуы.

7. Шарттың мерзімін ұзарту

46. Жолаушылар тасымалын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Шарттың мерзімін ұзарту туралы комиссия шешімінің негізінде Шарттың мерзімін 1 жылдан аспайтын мерзімге және 3 реттен асырмай ұзартуға рұқсат етіледі. Бұл ретте мерзімі ұзартылған Шарт субсидияларының сомасы тиісті жылға бөлінген субсидиялардың сомасынан аспауы тиіс.

47. Уәкілетті орган осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес тиісті жылға әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырудың негізгі талаптарын бекітеді және қолданыстағы шарттардың қолданылу мерзімдері аяқталғанға дейін күнтізбелік 40 күн бұрын тасымалдаушыға ұсынады.

48. Шарттың мерзімін ұзарту мәселесін қарау үшін тасымалдаушы Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін күнтізбелік 35 күн қалғанда уәкілетті органның мекенжайына Шарттың мерзімін ұзартуға өтінімді осы Қағидаға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес осы Қағиданың 11-тармағының 2),3) және 5)-7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса ұсынады.

49. Комиссия ұсынылған өтінім осы Қағиданың 48-тармағына сәйкес келмесе Өтінімді кері қайтарады.

50. Комиссия үш жұмыс күні ішінде тиісті хаттаманы ресімдей отырып, тасымалдаушылардың Шарттар мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерін қарау қорытындыларын жасайды.

51. Шарттың мерзімін ұзарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) тасымалдаушының осы Қағиданың 10-тармағында анықталған талаптарға сәйкес болуы;

2) қолданыстағы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуы.

№ р/с	қатынастың атауы			саны құрамдағы (ядро) бірл	Құрам саны, бірл	сомасы, мың теңге	қатынасы, маршрут	вагон саны,
				купе				
				плацкарт				
				жалпы				
				Барлығы				

кестенің жалғасы

Жолаушылар поезына және станциялардағы жолаушыларға көрсетілетін қызметтеріне алым және төлем көлемі теңге

Бір жиынтық үшін төсек орын ұсыну	Әрі және кері жаққа билетті алдын ала сату		Орындарды брондау		Жол жүруден бас тартуға байланысты билетті қайтару	Аса жоғары санаттағы бұрын жөнелтілетін поезд немесе вагонға билетті
	"ҚТЖ" ҰК" А Қ станциясына	ТМД елдері теміржол станциясына	ТМД елдері теміржол поездарға	халықаралық поездарға		

Залалдары бюджет қаражаты есебінен
субсидиялауға жататын әлеуметтік
мәні бар облысаралық қатынастар
бойынша темір жолда жолаушылар
тасымалдауды жүзеге асыратын
тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі
ашық тендер негізінде конкурс
өткізу қағидасына

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н

К ө л і к

министрлігі

және

Р е с п у б л и к а с ы

к о м м у н и к а ц и я

ӨТІНІШ

(занды тұлға үшін)

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 N 1202 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Залалдары республикалық бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын _____ маршруты бойынша әлеуметтік мәні бар _____ (маршруттың атауы)

облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурсқа қатысу үшін рұқсат беруіңізді сұраймын

Тасымалдаушы туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны _____
2. Құрылған жылы _____
3. Заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік * _____ немесе _____ анықтама _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

4. Жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

5. Банктік деректемелер _____
(ЖСК, БСК, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Заңды мекенжайы және өзге деректемелері _____

(почталық мекенжайы, телефоны, телефаксы, телексі)

7. _____
(Ұйымның бірінші басшысының Т.А.Ә.)

8. Қоса берілетін құжаттар:

1) _____

2) _____

3) _____

Ұйымның басшысы: Т.А.Ә., қолы, күні

Залалдары бюджет қаражаты есебінен

субсидиялауға жататын әлеуметтік

мәні бар облысаралық қатынастар

бойынша темір жолда жолаушылар

тасымалдауды жүзеге асыратын

тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі

ашық тендер негізінде
конкурс өткізу қағидасына
